

№5

27.06.2022 жыл

5-қосыша

Нысан

**«Азаматтық
бастамаларды қолдау орталығы»
коммерциялық емес акционерлік
қоғамына**

**«Қолдау» орталығы» жекеменшік
мекемесінен**

**Үкіметтік емес ұйымдарға берілетін гранттар
конкурсына қатысуға өтініш**

Осы өтінішті бере отырып «Қолдау» орталығы» жекеменшік мекемесі (ары қарай – өтініш беруші) “Жастар саясаты мен балалардың бастамаларын қолдау” бағыты **«Маңғыстау жастары» Жастар интернет телеарнасының қызметін ұйымдастыру және www.mangystauzhastary.kz интернет порталын ақпараттық сүйемелдеу»** грант тақырыбы бойынша үкіметтік емес ұйымдарға берілетін гранттар конкурсына (арықарай – конкурс) қатысуға тілек білдіреді және конкурс шарттарына сай әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыруға келісім береді.

Өтініш беруші осы арқылы Өтінімнің ішіндегі барлық ақпараттың шынайы екендігін, шынайы фактілерге сәйкес келетіндігін растайды және кепілдік береді, және өзінің құзыреттілігі, біліктілігі, сапалық және басқа сипаттамалары туралы жалған ақпарат беру, авторлық және сабақтас құқықтарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да шектеулерді сақтау үшін жауапкершілік туралы хабардар екендігін білдіреді. Өтініш беруші жалған ақпарат беру үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алады.

**«Қолдау» орталығы» жекеменшік
мекемесінің директоры**



М.А. Елеусинова

Толтырған күні 27 маусым, 2022 жыл

Өтініш берушінің сауалнамасы

№ п/п	Атауы	Ақпарат (сұраныс беруші толтырады)
1.	Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) куәлігі туралы анықтамаға немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке сәйкес өтініш берушінің атауы	«Қолдау» орталығы» жекеменшік мекемесі
2.	Мемлекеттік тіркеуден өткен күні (қайта тіркеу)	28.12.2015 ж.
3.	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі	151240022387
4	Нақты мекенжайы	Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы, Оңғалбайұлы көшесі, № 3
5.	Өтініш берушінің мақсатты тобы туралы ақпарат	Маңғыстау облысы тұрғындары, жастар, бастамашыл топтар, белсенділер, жастармен жұмыс жүргізетін үкіметтік емес ұйымдар, әлеуметтік желі қолданушылары, блогерлер, еріктілер.
6.	Бірінші басшының (болған жағдайда) тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, байланыс нөмірлері мен электронды мекенжайы	Елеусинова Милана Аминовна Директор, тел: 8702-903-91-68 eleusinova-milana@mail.ru
7.	Бас есепшінің (болған жағдайда) тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, байланыс нөмірлері (ұялы телефон нөмірімен қоса), электронды мекенжайы	Бекмуратова Алмагул Куановна Бухгалтер, тел: 8778-571-75-65 almagul-31.10@mail.ru
8.	Еңбек ресурсы барлығы: Оның ішінде:	21
	Штаттағы қызметкерлер	3
	Шақырылған мамандар	8
	Волонтерлер	10

«Қолдау» орталығы» жекеменшік
мекемесінің директоры



М.А. Елеусинова

Өтініш берушінің әлеуеті туралы ақпарат

1. Ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның ұйымның жарғылық қызметіне сәйкестігінің негіздемесі.

«Қолдау» орталығы» жеке меншік мекемесі құрылғаннан бері жарғылық қызметтеріне сәйкес қоғамдағы маңызды мәселерді алдыға шығарып, оларды шешуге ұмтылып келеді. «Қолдау» орталығы» жеке меншік мекемесі бүгінге дейін жастардың шығармашылығын қолдау, жастар арасындағы әртүрлі әлеуметтік мәселелерді шешуге ықпал ету бағытындағы кешенді жұмыстарға басымдық берді.

«Қолдау» орталығы» жеке меншік мекеменің жарғысына сәйкес жеке меншік мекеме қызметінің мақсаты: Азаматтық қоғамдағы ұлттық сана - сезімнің ролін арттыру, жасөспірімдер мен жастардың экономикалық, әлеуметтік, мәдени құқықтары мен бостандықтарын қорғау, олардың қоғамдағы атқаратын қызметіне ерекше мән бере отырып, оларға психологиялық қолдау көрсету, кеңес беру болып табылады.

Жеке меншік мекеме қызметінің міндеттері:

- Жарғылық мақсаттарды жүзеге асыру үшін қаржылық, материалдық, парасаттылық және басқа қорларды жинақтау;
- Түрлі дәрежедегі әйел азаматшаларға, дарынды оқушылар мен жастарға оқу тренингтерін ұйымдастыру, басылымдық, компьютерлік және басқа да қажетті өнімді, оның ішінде әдістемелік құралдарды дайындау, тарату;
- Жастардың азаматтық қоғамдағы белсенділігін арттыру, қоғамдық жұмыстарға тарту, өмір сүріп жатқан ортада кездесетін келеңсіз жағдайлар мен қиындықтардан шығуға психологиялық қолдау көрсету, маман кеңесін ұйымдастыру, патриоттық тәрбие беруге бағытталған шаралар өткізу. Ата - аналармен және білім беретін оқу мекемелерімен жасөспірімдер мен жастар мәселелері бойынша дөңгелек үстелдер, семинарлар, қоғамдық тыңдаулар ұйымдастыру;
- Жастар мен жасөспірімдерге білімді, салауатты өмір салтын, өнерді насихаттау мақсатында шаралар өткізу, ой өрісін, шығармашылық қабілетін, танымдық, құқықтық білімін дамыту бағытында марафондар, байқаулар өткізу, туған өлкенің табиғатын, тарихын таныстыру мақсатында экскурсиялар ұйымдастыру, болашақ мамандық таңдау бағытында кеңестер беру;
- Жастар мен жасөспірімдерді қоршаған ортаны аялай білуге тәрбиелеу, көгалдандыру жұмыстарын ұйымдастыру, мамандармен кездесулер, семинарлар өткізу, еңбексүйгіштікке, адамгершілікке баулу бағытында шаралар өткізу;
- Әлеуметтік мәселелерді басқа да ұйымдармен бірлесіп шешу;
- Түпқараған ауданының жасөспірімдер мен жастарының әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени және басқа да мәселелерге қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- Кеңес беру қызметін көрсету;

«Қолдау» орталығы» жеке меншік мекемесі Маңғыстау облысындағы және өзге де өңірлердегі жастар мәселелерімен айналысатын Үкіметтік Емес Ұйымдармен, жастар

ұйымдарымен, бастамашыл топтармен, жас көшбасшылармен әріптестік-серіктестік негізде тығыз қарым-қатынас орнатып келеді.

2. Өтініш берушінің грант тақырыбы бойынша жұмыс тәжірибесі.

Соңғы 3 (үш) жылда жүзеге асырылған немесе жүзеге асырылып жатқан осыған ұқсас әлеуметтік жобалар және (немесе) әлеуметтік бағдарламалар көрсетіледі (ұйымның жекелеген қызметкерлері өздігінен өткізген немесе өзге ұйымдар арқылы жүзеге асырған жобалар мен қызмет түрлері ұйымның өзінің жұмыс тәжірибесі болып саналмайды).

Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның жүзеге асырылу мерзімі	Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның атауы (негізгі қызмет түрі)	Тапсырыс берушінің атауы (донор) және жүзеге асырылған әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның географиялық қамтылу аймағы	Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның құны	Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның нәтижесі
2016 жылы	«Отбасы және неке институтын нығайтуға, отбасы құндылықтарын насихаттауға және ажырасудың алдын алуға бағытталған іс-шаралар» ұйымдастыру	Тапсырыс беруші: «Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі» ММ Географиялық қамтылу аймағы: Маңғыстау облысы	550 120 теңге	Жоба нәтижесінде отбасы институтын нығайтуға бағытталған 2000 адамды қамтыған іс-шаралар жүзеге асырылды. Аталған жоба аясында емізулі балалары бар аналардың балалалар арбасымен шеруі, отбасылық құндылықтарды насихаттауға бағытталған акциялар мен «Шаңырақ шуағы» концерттік бағдарламасы, жас отбасыларды 5 бағыт бойынша өмірлік тәжірибеден өткізуді мақсат еткен «Отбасы life» жобасы жүзеге асты.
2016 жылы	«Мемлекеттік тілді насихаттау бағытындағы	Тапсырыс беруші: «Түпқараған аудандық ішкі	390 000 теңге	Жоба нәтижесінде 900 адамды қамтыған іс-шаралар өтіп,

	шаралар» ұйымдастыру	саясат және тілдерді дамыту бөлімі» ММ Географиялық қамтылу аймағы: Маңғыстау облысы		мемлекеттік тілді насихаттау бағытындағы жұмыстар, мемлекеттік ту тігілген автокөліктер шеруі, «Менің рәміздерім» суретшілер байқауы мен көрмесі, «Рәміздер – тәуелсіздіктің нышаны» атауымен дөңгелек үстел мен өзге де шаралар атқарылды.
2016 жылы	«Ақ қауырсын» жобасы	Тапсырыс беруші: «NCOC N.V.» компаниясы Географиялық қамтылу аймағы: Маңғыстау облысы	5 180 596 теңге	Жоба нәтижесінде Түпқараған ауданының жас ақындарының тұңғыш антологиясы жарыққа шығып, әдеби айналымға енді. Жоба жинақтың тұсаукесер шарасын қоса есептегенде 2500 адамды қамтыды. Жинақ 3000 данамен жарық көріп, Қазақстан Республикасының барлық кітапханаларына таратылды.
2017 жылы	«Қашаған Күржіманұлы» жобасы	Тапсырыс беруші: «NCOC N.V.» компаниясы Географиялық қамтылу аймағы: Қазақстан Республикасы	8 280 956 теңге	Жоба нәтижесінде жырау Қашаған Күржіманұлының тұңғыш рет толыққанды шығармалар жинағы жарық көрді. 5000 данамен жарық көрген кітапта жыраудың бұрын жарық көрмеген шығармалары топтастырылып, ғылыми негізделді. Сонымен қоса, әр түрлі жинақтарда әр түрлі нұсқада беріліп жүрген жыраудың өлеңі бір ізге түсіп, жүйеленді.

2020 жылы	«Қоғамдық кеңістіктер» жобасы арқылы «Жан жылуы» психология кабинетін жасақтау	<p>Тапсырыс беруші: «ТеңізШеврОйл» компаниясы, «Орталық Азияның Еуразия Қоры»</p> <p>Географиялық қамтылу аймағы: Маңғыстау облысы</p>	1 999 000 теңге	<p>Жоба нәтижесінде Түпқараған ауданы аумағындағы мектептерде тұңғыш болып заманауи психология кабинеті жасақталып, керекті құрал-жабдықтармен қамтылды. Аталған арнайы кабинетте бүгінгі таңда аудан психологтарының тұрақты басқосуы, семинарлар мен тренингтер ұйымдастырылып тұрады. Аудан психологтарының басын қосқан заманауи кабинетте оқушыларға психологиялық көмектер көрсетіліп отыр. Жобаның тұрақтылығы бүгінгі таңда да жалғасу үстінде.</p>
2021 жылы	«Мейірім» ерекше білім алушыларға арналған үйірме	<p>Аудан тұрғындарының сұранысы негізінде</p> <p>Географиялық қамтылу аймағы: Маңғыстау облысы</p>	Өз қаражаты есебінен	<p>Жоба нәтижесінде Форт-Шевченко қаласындағы ерекше білім алушылардың сенсор-мотрлы дамуына үлес қоса отырып, әлеуметтік ортаға бейімдеу жұмыстары жүргізілді. Осы уақытқа дейін аталған санағатты балаларға арналған бірде-бір үйірме Форт-Шевченко қаласында жұмыс істемеген. Аталған үйірме олардың қоғамға бейімделуіне, кейін оны кәсіпке айналдыруына</p>

				мүмкіндік берді.
2021 жылы	«Медиа-мектеп» болашақ тележурналистердің алғашқы қадамын нықтай түсетін және телетехнологияны меңгеруге баулитын үйірме	Аудан тұрғындарының сұранысы негізінде Географиялық қамтылу аймағы: Маңғыстау облысы	Өз қаражаты есебінен	Үйірме келешекте теория мен практиканы ұштастыра отырып, оқушылар мектеп қабырғасында жүріп-ақ редакциялар мен баспахананың қайнаған тіршілігімен емін-еркін араласуын мақсат тұтып, 1 жыл уақыт мерзімінде жүйелі жұмыстар жүргізді. Түпқараған аудандық «Мұрын жырау атындағы өнер мектебінің» жанынан ашылған аталған үйірме нәтижесінде бірқатар қатысушылар жеке YouTube каналын ашып, жүргізуде. Жоба нәтижесінде 25-ке жуық шәкірт арнайы сертификат алды, олардың кейбірі мектеп қабырғасын бітірген соң, жоғарғы оқу орындарындағы журналистика факультеттеріне оқуға түсіп, «Медиа-мектептен» алған машықтарын жетілдіру үстінде.
2022 жылы	«Әлеуметтік желілер – қоғаммен байланыс жүргізу құралы ретінде» баспасөз хатшыларына арналған семинар	Аудан тұрғындарының сұранысы негізінде Географиялық қамтылу аймағы: Маңғыстау облысы	Өз қаражаты есебінен	Аталған семинар негізінде Түпқараған ауданына қарасты 1 қала, 5 ауыл әкімдіктерінің баспасөз хатшылары мен әлеуметтік желіге жауапты мамандары

				және СММ мамандары 48 сағаттық тәжірибеден өтті. Семинар нәтижесінде қатысушылар әлеуметтік желімен тиімді жұмыс жүргізуді, әлеуметтік желілерді қоғаммен байланыс құру құралы ретінде пайдалануды меңгерді.
--	--	--	--	--

3. Өтініш берушінің әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыруға арналған материалдық-техникалық базасының болуы.

«Қолдау» орталығы» жеке меншік мекемесі 7 жыл бойына қызмет жасап келе жатқанына байланысты мекеменің төмендегідей материалдық-техникалық базасы құралған:

Бейнеаппаратуралар жиынтығы (бейнекамера, фотоаппарат, теледидар, планшет, конвекторлар және т.б.);

Аудиоаппаратуралар жиынтығы (акустикалық жүйе, петличка, микрофон, құлаққаптар);

Жарықтандыру жабдықтарының жиынтығы (софтбокс, жарықдиодты панель, айналмалы жарықтандырғыш);

Сонымен қатар, бейнесюжеттерді, бейнероликтерді, фотосуреттерді өңдеуге және дизайн жасауға арналған бағдарламалармен қамтамасыз етілген;

«Қолдау» орталығы» жеке меншік мекемесінің бұдан өзге ноутбуктер, принтерлер, өзге де жабдықтары жасақталған. Сонымен қатар, Маңғыстау облысы аумағында екі кеңсесі бар. Бірі - Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы, Е.Өмірбаев мектебінде 25 шаршы метр аумақты құрайтын, екі бөлмеден тұратын тұрақты кеңсесі. Екіншісі - Ақтау қаласы, 6 шағын аудан, №50 ғимарат, “Жастар үйі” ғимараты.

Ұйымның әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыруға дайындығы баяндалады (техникалық-экономикалық көрсеткіштер).

«Қолдау» орталығы» жеке меншік мекемесі бұған дейін жастар саясатын іске асыру бағытында 2015 жылдан бері бірқатар жұмыстарды жүзеге асырып келеді.

Аталған жобаны іске асыру бағытында республикалық, облыстық бұқаралық ақпарат құралдарымен, Маңғыстау облысына қарасты барлық аудан, қалаларда орналасқан Жастар ресурстық орталықтарымен, жастар саясатымен жұмыс жүргізуші ішкі саясат бөлімдерімен, Маңғыстау облыстық ішкі саясат басқармасымен, Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасымен, жастар мәселелерімен айналысушы ҮЕҰ-дармен әріптестік-серіктестік негізде жұмыс жүргізетін болады. Жеке меншік мекеменің әлеуметтік желілерде, яғни Facebook (<https://www.facebook.com/profile.php?id=100012446881614>), Instagram (https://www.instagram.com/koldau_ortaligi/) ресми парақшалары бар. «Қолдау» орталығы» жеке меншік мекемесінің банкте есеп айырысу шоты бар. Бюджет алдында, оның ішінде салықтық берешегі жоқ. Жеке меншік мекеме ҮЕҰ-дарға арналған дерекқорға тіркелген. Аталған жобаны жүзеге асыру үшін “Қолдау” орталығы жеке меншік мекемесінің жарғылық мақсаттары мен міндеттері сәйкес келеді.

4. Өтініш берушінің жобалық тобының құрамы (жобаланған әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыруға тартылатын қызметкерлер).

Жобалық топ мүшесінің (болған жағдайда) аты-жөні	Лауазымы	Қызметкердің әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама міндетіне сәйкес жұмыс тәжірибесі, жобалардың атауы және оларды жүзеге асырудағы рөлін көрсете отырып	Жұмыс тәжірибесі (жылдардың санын көрсету)	Әлеуметтік жобадағы және (немесе) әлеуметтік бағдарламадағы міндеттері, жауапкершілігі
Даден Айгүл Аннамуратқызы	Жоба координаторы	<p>Жұмыс тәжірибесі:</p> <p>2012, қаңтар – 2013, қыркүйек (1 жыл, 8 ай) «Болашақ» республикалық қоғамдық-саяси жастар газеті – тілші</p> <p>2012, қаңтар – 2015 ж, қараша (3 жыл 8 ай) «Жастар Үні» республикалық танымдық журналы – журналист</p> <p>2013, мамыр – 2013, қазан (6 ай) «Bilim Media Group» ЖШС – аудармашы-редактор</p> <p>2013, қыркүйек – 2014, ақпан (6 ай) Qaznews.kz ақпараттық порталы – журналист</p>	<p>Жалпы еңбек өтілі: 18 жыл</p> <p>Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру өтілі: 11 жыл</p>	<p>Жобаның орындалуын жалпы үйлестіру және бақылау. Жобаға қажетті барлық құжаттарды Оператормен келісу және нақтылау. Мониторинг тобын құру және жобаға мониторинг жүргізу. Жобаны қаржылық, құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету.</p>

		<p>2016 ж. қаңтар – бүгінге дейін «Маңғыстау Медиа» ЖШС қарасты «7292info» және «Ogni.kz» сайттары – редактор</p> <p>2021 ж. бастап “Қазақша үйрен” онлайн, офлайн тіл орталығының негізін қалаушысы, басшысы</p> <p>«Алтын қалам – 2016» сыйлығының жеңімпазы</p> <p>Маңғыстау облысы әкімінің «Жыл журналісі – 2016» сыйлығының иегері</p> <p>Біліктілігі:</p> <p>Бакалавр, Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, журналистика факультеті (2010 – 2014 жж).</p> <p>«Мультимедиалы журналистика», қатысушы.</p> <p>«Мемлекеттік органдар мен бұқара ақпарат құралдары арасындағы диалог пен ынтымақтастықты дамыту жұмысын ұйымдастыру», қатысушы.</p>		
--	--	--	--	--

<p>Елеусинова Милана Аминовна</p>	<p>Жоба жетекшісі</p>	<p>Жұмыс тәжірибесі:</p> <p>2007 жыл, қыркүйек - 2013 жыл.</p> <p>Түпқараған аудандық «Ақкетік арайы» қоғамдық-саяси газеті МКК – тілші</p> <p>2008 жыл наурыз - бүгінге дейін</p> <p>Түпқараған аудандық «Ақкетік арайы» қоғамдық-саяси газеті - бас редактор</p> <p>2019 жылдан бері</p> <p>Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін МКК - Психолог-педагог</p> <p>Медиатренер, ҚР "Журналистер Одағының" мүшесі, Практик-психолог, "Қолдау" орталығы" ЖМ директоры.</p> <p>Біліктілігі:</p> <p>Арнаулы жоғары, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ–дың журналистика факультетінің «журналист» мамандығы</p> <p>Бакалавр, Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық университетінің «Педагогика және психология» мамандығы</p>	<p>Жалпы еңбек өтілі: 14 жыл</p> <p>Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру өтілі: 7 жыл</p>	<p>Өзге бұқаралық ақпарат құралдарын және басқа серіктестерді тарту, жобаның негізгі іс-шараларын жүзеге асыру.</p> <p>Мамандардың жұмысын үйлестіру, жоба мерзімінің сақталуын бақылау.</p>
--	-----------------------	---	--	--

		«Орталық Азияның Еуразия Қоры» КҚ және «Теңізшевройл» ЖШС –нің «Қоғамдық кеңістіктер» бағдарламасы, «Жобаны дамыту және басқару» - қатысушы		
Жайықова Айзада Жайыққызы	Smm-менеджер	<p>Жұмыс тәжірибесі:</p> <p><i>2015 қазан - 2016 ж. ақпан</i> «Таланттар академиясы" оқушылар мен мұғалімдердің қоғамдық ұйымы - пиар-менеджер</p> <p><i>2013 жылдан бастап</i> "Ұлан", "Ақжелкен" республикалық балалар мен жасөспірімдер газеті мен журналы - штаттан тыс тілші</p> <p><i>2016 жыл қараша-2017 жыл шілде</i> «Жұлдыздар отбасы» журналы және juldyz.kz сайты - тілші</p> <p><i>2017 жыл шілде – 2018 жыл маусым</i> «Varibar.kz» сайты - тілші</p> <p><i>2018 жыл, 10 қыркүйек – 2018 жыл 10 желтоқсан</i></p>	<p>Жалпы еңбек өтілі: 10 жыл</p> <p>Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру өтілі: 6 жыл</p>	<p>Анкеталық сауалнаманы, фокус-топтарды, сайт арқылы жүргізілетін сауалнаманы, әлеуметтік желілерді бақылау және т.б. жұмыстарды жүргізу арқылы жобаны үйлестіру, нәтижелерді бағалау.</p>

		<p>А.Жұбанов атындағы РҚММИ - Баспасөз хатшысы</p> <p><i>2019 жыл, 1 ақпан – 2019 жыл 5 маусым</i> Алматы технологиялық университеті - «Технолог» газетінің редакторы</p> <p><i>2019 жыл 12 тамыз – 2020 жыл 30 тамыз</i> Атырау облысы Ішкі саясат басқармасының Азаматтық орталық КММ - Медиа бөлімінің маманы</p> <p><i>2020 жыл 1 қыркүйек – 2020 жыл 31 желтоқсан</i> Х.Досмұхамедұлы атынадағы Атырау университеті - Журналистика кафедрасында оқытушы</p> <p><i>2021 жыл 1 қаңтар – 2021 жыл 1 желтоқсан</i> «Baribar» ақпараттық порталы - Журналист</p> <p><i>2021 жыл 23 желтоқсан – қазірге дейін</i> «Елорда Ақпарат» ЖШС «Астана ақшамы» газеті - Журналист</p>		
--	--	--	--	--

		<p>Біліктілігі:</p> <p>- Бакалавр, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, журналистика факультеті (2014-2018 жж.)</p> <p>- Магистратура, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, журналистика факультеті (2018-2020 жж.)</p>		
Алмагул Бекмуратова	Есепші	<p>Жұмыс тәжірибесі:</p> <p>2005 - 2013 жж. “Маңғыстау медиа” ЖШС қарасты “Ақкетік арайы” қоғамдық-саяси газеті - бас есепші</p> <p>2013-2018 жж. Түпқараған аудандық Балалар мен Жасөспірімдер спорт мектебі - бас есепші</p> <p>2018-бүгінге дейін Түпқараған аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі - бас есепші</p>	<p>Жалпы еңбек өтілі: 17 жыл</p> <p>Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру өтілі: 10 жыл</p>	<p>Бухгалтерлік есепті толық жүзеге асыру және жоспарлау. Сондай-ақ осы жоба бойынша уақытылы қаржылық есеп беру.</p>

5. Үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі (**жергілікті атқарушы органдардың Жоспарында көзделген грант тақырыбына өтінім берілген жағдайда толтырылады**).

Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның жүзеге асырылуы жоспарланған өңірдегі жұмыс тәжірибесін сипаттаңыз.

Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның жүзеге асырылу мерзімі	Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның атауы (негізгі қызмет түрі)	Тапсырыс берушінің атауы (донор) және жүзеге асырылған әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның географиялық қамтылу аймағы	Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның құны	Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның нәтижесі
---	--	---	---	---

«Қолдау» орталығы» жекеменшік
мекемесінің директоры



М.А. Елеусинова

Ұсынылатын әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның мазмұны

6. Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама туралы негізгі ақпарат.

Осы нысанды толтыру кезінде әлеуметтік жобаның мақсаттары, күтілетін нәтижелер, іске асыру мерзімі және жобаның аумақтық қамтылуы Грант жоспарына қатаң сәйкес келуі керек.

<p>Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның мақсаты</p>	<p>Жастардың кәсіби медиа құзыреттерін дамыту, жастардың ақпараттық алаңына жаңа медиа тетіктерін енгізу бойынша жұмысты ұйымдастыру.</p>
<p>Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның міндеттері</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. www.mangystauzhastary.kz сайтының үздіксіз жұмысын ұйымдастыру (шілде-желтоқсан 2022 ж); 2. Интерактивті құралдарды (интернет, телевидение, фото посттар және т.б.) пайдалана отырып, өңірдің жастар саясатын іске асыруды интернетте жариялауды ұйымдастыру; 3. Штатты кемінде 1 бас редактормен, 2 журналистпен, 2 монтажер-бейнеоператормен, 1 фотооператормен, 1 дизайнермен, 1 web-редактормен қамтамасыз ету; 4. Сайт қолданушылар санын арттыруды қамтамасыз ету бойынша жүйелі жұмысты ұйымдастыру; 5. Жастар ұйымдарының, бастамашыл топтар мен жастардың қызметін барлық интернет-ресурстарда, соның ішінде әлеуметтік желілерде, бейнехостинг сайттарында көрсету. 6. Блогерлер пулын қалыптастыру және олардың Маңғыстау облысы жастарының өмірін кеңінен жариялау бойынша жұмыстарын ұйымдастыру. 7. Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру шеңберінде ақпараттық айдарларды өткізу студиясы мен брифингтер өткізу алаңын қамтитын жастар медиа орталығын құру. 8. Іске асырылатын мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, гранттар туралы барлық деңгейдегі жастар ресурстық орталықтарынан және үкіметтік емес ұйымдардан күнделікті ақпараттық материалдар жинау. 9. Кемінде 5 айдар ашу және жүйелі түрде жұмыс жүргізу (әр айдар үшін айына кемінде 1 жарияланым). 10. Арнайы жабдықты (микрофондар, камера, дрон және т. Б.) пайдалана отырып, айына кемінде 5 көшпелі бейне репортажбен қамтамасыз ету. 11. Жобаның іске асырылуын ақпараттық жария етуді, оның ішінде жоба қорытындылары бойынша мақалалар

	топтамасын шығару және БАҚ-та сөз сөйлеу арқылы қамтамасыз ету.
Ұсынылатын іс-шаралар	<p>Алға қойылған мақсаттарға жету үшін, біріншіден, www.mangystauzhastary.kz сайтының жұмысын жолға қою шаралары жүзеге асады. Аталған сайт осы күнге дейін жұмыс істеп келген. Алайда, тек жастар орталығының жұмыстарын ақпараттандырумен ғана шектелді. «Қолдау» орталығы» жеке меншік мекемесі, сайт жұмысының ақпараттандыру аясын кеңейтуге күш салады. Тапсырыс берушімен келісе отырып сайтта жаңа 5 айдар жұмыс істейді.</p> <p>1) «Өзге пайым». Бұл айдарда Маңғыстау жастарының арасындағы қоғам белсенділері, өз саласының мамандары мен жас қоғам көшбасшыларының қоғамда болып жатқан оқиғаларға байланысты өтімді көзқарастары мен пікірлері, сұхбат, подкаст және видеосұхбат форматтарында жарияланып отырады. Аталған айдардың маңыздылығы: жастардың әлеуметтік желідегі әр түрлі мүддені көздейтін бос ұрандар мен популистік көзқарастарға еруінен сақтап, дұрыс пайым қалыптастыруға ықпал етеді.</p> <p>2) «Таным». Айдардың атауы айтып тұрғандай мұнда жастардың білім көкжиегін, таным деңгейін көтеруге бағытталған, әртүрлі саланы қамтитын танымдық ақпараттар, жаңа кәсіп көздері мен заманауи үрдістер, өзге де қоғамдық өзгерістерді таныстыратын материалдар ұсынылады.</p> <p>3) «Жас көшбасшы» айдары Маңғыстау облысының әр түкпірінде жүрген, алайда, өз саласын алға сүйреп, өз мамандығында, өз кәсібінде жетістікке жетіп жүрген, жастарға үлгі етуге тұрарлық жас көшбасшылар мен жас дарындарды, таланттарды қоғамға таныстыруды мақсат тұтады. Аталған айдар кәсіп пен өнердің барлық саласын қамтуды көздейді.</p> <p>4) «Жобалар». Аталған айдарда жастар кәсіпкерлігін дамытуға ықпал ету, жастарды әр бағыттағы конкурстар мен байқауларға, мүшәйралар мен гранттарға қатыстыру, сол арқылы таланттарын ұштау, қаржылай ынталандыру, ортаға бейімдеу мен жастар кәсіпкерлігін дамыту көзделіп отыр.</p> <p>5) «Жастар саясаты» айдары Маңғыстау облысындағы жастар саясатын іске асыруды ғаламтор беттерінде кеңінен насихаттап, жариялауды іске асырады. Аталған бағытта атқарылып жатқан іс-шараларды әртүрлі</p>

интерактивті құрал-жабдықтардың көмегімен сүйемелдеу жүзеге асырылады деп жоспарланып отыр.

Аталған айдарлардың жүзеге асуы негізінде сайт жұмысының ақпараттандыру аясы кеңейеді. Мұнда Маңғыстау облысының түкпір-түкпіріндегі жастардың тыныс-тіршілігінен мәліметтер беріліп отырады. Мемлекет тарапынан жастар саясатын жүзеге асыру бағытында жасалып жатқан жұмыстар ақпараттандырылады. Маңғыстау жастарының бет-бейнесіне айналған жас қоғам белсенділерімен бірлесе отырып, олардың қатарын толықтыруға ықпал ету бағытындағы жұмыстар үйлестіріледі. Күнделікті негізде бос жұмыс орындары салынып, жастарға арналған форумдар мен конкурстар, әртүрлі қызықты және пайдалы танымдық материалдар үздіксіз жарияланып отырады. Фото, видео, мақала және өзге де форматтарда ақпараттандыру жүзеге асады. Бұл үшін штаттық режимде 1 бас редактор, 2 журналист, 2 монтаждаушы-видеооператор, 1 фотограф, 1 дизайнер мен 1 веб-редактор жұмыс істейді. Маңғыстау облысындағы барлық жастың ортақ интернет-платформасына айналуы көздеп отырған сайтты жүргізу үшін интерактивті құрал-жабдықтарды пайдалану көзделуде. Олардың қатарында интернет-телевидение, фото посттар және т.б. жатады. Аталған жұмыстарды жүйелі жүргізу арқылы сайттың тұрақты оқырмандарын қалыптастыру және сайттың көрілім (қаралым) санын арттыру жоспарланып отыр. Жоғарыда аталып өткен бос жұмыс орындары және өзге де күнделікті (жастардың жұмыссыздығын жоюға ықпал ету мақсатындағы ақпараттық қолдаудан) ақпараттардан бөлек, сайт Маңғыстау облысы көлеміндегі барлық деңгейдегі жастар ресурстық орталықтарымен және үкіметтік емес ұйымдармен ақпараттық байланыс орнатуды көздейді. Сол арқылы жастар ресурстық орталықтарында өткізіліп жатқан әртүрлі шаралар мен бастамаларды ақпараттандырып отырады және жастарды азаматтық қоғамға тарту жұмыстарын жүргізеді. Қоршаған ортаны қорғау, отаншылдыққа тәрбиелеу, білім алуға құлшыну, танымдық деңгейін көтеру, т.б. бағыттағы жұмыстар қолдағы бар интерактивті жабдықтарды пайдалана отырып жүргізіледі. Аталған ақпараттардың ауқымдылығын ескере отырып, жоғарыдағы айдарлардың әрбірінде айына кем дегенде 3 жарияланым шығарып отыру мақсат етіп қойылды. Арнайы жабдықтарды пайдалану нәтижесінде облыстың әр аумағында айына 5

	<p>кем дегенде видеорепортаж түсіріледі. Сайттың әр жұмысының өзге БАҚта ақпараттық сүйемелдеуі үйлестіріледі. Бұған қоса, желтоқсан айында жобаның нәтижесі туралы арнайы брифинг өткізіліп, атқарылған жұмыстар туралы бұқаралық ақпарат құралдарында мақалалар мен сұхбаттар ұйымдастырылмақ. “Қолдау” орталығы” жеке меншік мекемесі аталған интернет платформа арқылы қазақша контентті көбейту және сапасын арттыру, Маңғыстау жастарының оң имиджін қалыптастыру және әр саланың жас үздіктерін қоғам алдына шығарып, насихаттауды сапалы түрде жүзеге асыруды мақсат етеді.</p>
Аумақтық қамтылуы	Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы
Мақсатты топтар	<p>Жобаның негізгі мақсатты топтары: Маңғыстау облысы тұрғындары, жастар, бастамашыл топтар, белсенділер, жастармен жұмыс жүргізетін үкіметтік емес ұйымдар.</p> <p>Жобаның жанама мақсатты топтары – әлеуметтік желі қолданушылары, блогерлер, еріктілер.</p>
Күтілетін нәтижелер	<p>Аталған жоба қорытындысы бойынша төмендегідей нәтижелер күтіледі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Маңғыстау жастарына ортақ ақпарат алаңы пайда болады. Жастар қоғамдағы жастарға байланысты барлық жаңалықты, бастамалар мен жастар саясатындағы өзгерістерді аталған сайттан алып отырады. Сайттан сонымен қатар, белсенді замандастарын танып, олардың жаңалықтарымен, бастамаларымен жақынырақ танысатын болады. Жоба жүзеге асу барысында қаралым саны артып, өсім 50%-ды құрайды деп күтіледі. 2) Сайт арқылы жастар тақырыбында жазатын жас тілшілер мектебін қалыптастыру көзделуде. Аталған сайт жұмысы Facebook, Instagram, YouTube әлеуметтік желілері мен интернет алаңдары арқылы жарықтандырылып, өз оқырмандарын көбейтуді көздеп отыр. 3) Сайт арқылы жастар мемлекеттік саясатқа етене араласуға мүмкіндік алады. Маңғыстау жастары жастар саясатында жасалып жатқан жұмыстар мен шараларға қатыса отырып, конкурстар мен форумдарға қатысуға мүмкіндік алады, ақпарат алу мүмкіндігі кеңейеді. 4) Жоба нәтижесінде облыстың әр түкпіріндегі талантты жастар қоғамға белгілі болып, насихатталады.

	5) Жастардың қоғамдағы оң имиджі қалыптасып, жастардың кәсіби медиа құзіреттілігі айтарлықтай дамиды.
--	---

2. Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асырудың негіздемесі.

<p>Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама бағытталған мәселелер бойынша ағымдағы жағдайдың сипаттамасы</p>	<p>Ресми статистикаға сәйкес, пандемия кезінде Қазақстанда интернет пайдаланушылар саны артқан. Мәселен, 2021 жылдың қаңтарында интернетті пайдаланушылар саны 15,47 миллион адамды құрап, 2020 жылдың басынан бері 5%-ға (741 000 адамға) өсті. 2021 жылдың басында интернет қолдану 81,9%-ды құраған. Осылайша, 2020 жылғы карантин қазақстандықтардың теледидар экрандарын көруге жұмсайтын уақытын ұлғайтып, интернет-ресурстарды тұтынуды да арттырған (бұл жұмыс, оқу және қарым-қатынастың онлайн режиміне көшуімен байланысты). Қазір өзін-өзі оқшаулау алынып тасталғанымен, интернетке деген тәуелділік, ақпаратты интернеттен алу, өзге де қажеттіліктер үшін интернетке жүгіну қарқыны сол күйі сақталып қалды. Жалпы, әртүрлі ақпарат көздеріне сәйкес, 6 жыл ішінде теледидар үлесі 20%-ға төмендесе, интернет үлесі 25%-ға өсті.</p> <p>ҚР Ақпарат министрлігінің сайтында БАҚ ретінде 540 онлайн ресурс тіркелген. Аталған 540 онлайн ресурстың 468-і қазақ және басқа тілде ақпарат ұсынамыз деп көрсеткен.</p> <p>«Internews Kazakhstan» ұйымының аймақтық кеңесшісі, медиатренер, сарапшы Асхат Еркімбайдың айтуынша, қазақ тілді контентті қолданушылар саны артып келеді. «Internews Kazakhstan» ұйымы 2020 жылы Қазақстанның географиялық- демократиялық ерекшелігін ескере отырып әлеуметтік сауалнама жүргізді. Осыған сәйкес әр өңірден адамдар іріктелді. Интернетте ақпаратты тек қазақ тілінде алатын, немесе басқа тілді білмейтіндердің саны он пайызды құрады. Олар тек қазақ тіліндегі ақпаратты тұтынатындарын айтты. Ал қазақ және орыс тілінде ақпарат тұтынатындар, яғни билингвалды категория – 32,1 пайыз. Егер екеуін біріктірсек, біз қазақ тілді контентті қолданушылар санының артып келе жатқанын көреміз.</p> <p>Алайда, бұл жағдай Маңғыстау өңірінде көңіл қуантарлықтай жеткілікті деңгейде емес. Маңғыстау облысында бүгінгі таңда ғаламтор айдынында 1 қазақ тілді, 3 орыс тілді сайт жұмыс істеп келеді. Аталған қазақ тілді</p>
---	--

	<p>сайттың оқылымы орыс тілді сайттардың оқылымымен бәсекелесе алмайды. Интернет статистика жүргізуші zero.kz сайтының көрсетуінше, орыс тілді Lada.kz сайты маусым айындағы қаралым саны бойынша 13 орынға жайғасқан болса, қазақтілді өңірлік жалғыз сайт Mangystaumedиа.kz 400-ші орыннан әрі жайғасқан.</p> <p>Бұған қоса, Маңғыстауда қазіргі таңда жастарға арналған медиа портал мүлде жоқ. Сол себепті де, жастардың қоғамдық өмірге араласу белсенділігі айтарлықтай төмен. Бұл ақпараттық алаңдарда еліктеуге, үлгі алуға тұрарлықтай жас көшбасшылардың болмауымен, журналистика мамандығын оқытатын кафедралар мен университеттердің жоқтығымен, жас қоғам белсенділері мен өз ісінің мамандарының интернет ресурстарды насихатталмауымен байланысты. Аталған себептер ақпараттық алаңда Маңғыстау жастарының мүлдем көрінбеуіне әкеліп соғып отыр.</p>
<p>Статистикалық деректерге және (немесе) зерттеу деректеріне, соның ішінде өз зерттеулеріне сілтеме</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстандағы 2020 жылғы медиа тұтыну: интернет пен әлеуметтік желілер жеңіске жетті https://ekonomist.kz/kz/zhussupova/qazaqstandagy-media-tutynu-internet-pen-aleumett%D1%96k-zhel%D1%96ler/ 2. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ресми сайты https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/activities/145?lang=kk 3. А.Еркімбай: Қазақ тілді контентті қолданушылар саны артып келеді https://strategy2050.kz/news/a-erkimbay-aza-tildi-kontenti-oldanushylar-sany-artyp-keledi/ 4. Казахстанский рейтинг. Сервис интернет-статистики https://zero.kz/period_2592000/ 5. "Қолдау" жеке меншік мекемесінің өңірдің жастар мәселелерін анықтау мақсатында өткізген зерттеуінің сілтемесі https://docs.google.com/forms/d/1_GgoDyQCRS2-T4HvpBhXJY5w1G4FRUKMlInnQm6dMpFQ/edit
<p>Мақсатты топтың қажеттіліктерін анықтау бойынша жұмыс туралы ақпарат (қажеттіліктерді бағалау)</p>	<p>“Қолдау” орталығы” жеке меншік мекемесі Маңғыстау жастарының қажеттіліктерін, олардың ортақ ақпараттық жастар алаңына қажеттілігін анықтау мақсатында әлеуметтік зерттеу жасады.</p> <p>Әлеуметтік зерттеуге облыс бойынша 450 жас қатысты, оның</p>

	<p>61%-ы әйел (274,5 адам), 39%-ы (175,5 адам) ер адам.</p> <p>Жеке бас құпиялығын сақтай отырып жүргізілген сауалнамада жастардың бұқаралық ақпарат құралдарына сенімділігіне, ортақ ақпараттық алаңның қажеттілігіне қатысты сұрақтар қойылды.</p> <p>Сауалнама нәтижесіне сүйенсек, өңір жастарының 75 %-ы Маңғыстау облысының жастарына арналған ортақ интернет платформаны қажет деп есептейді.</p> <p>Сауалнамаға қатысқан жастардың 83,4%-ы ақпаратты қазақ тілді ақпарат құралдарынан алады, 16,6%-ы орыс тіліндегі контенттерден алатындығын көрсеткен. Жастар дәл қазіргі уақытта сенімді, шынайы ақпаратты қазақ тіліндегі БАҚ-тан алуда қиындықтар бар екенін көрсеткен.</p>
--	--

3. Мақсатты топтар (әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асырудан пайда алатын кімдер).

Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны жоспарлау және іске асыру үрдісіне мақсатты топ өкілдерінің қатысуы сипатталады.

Мақсатты топ	Саны	Жасы	Мақсатты топтың алатын пайдасы
Облыс тұрғындары, жастар, бастамашыл топтар, жастармен жұмыс жүргізетін үкіметтік емес ұйымдар, белсенділер, әлеуметтік желі қолданушылары, блогерлер, еріктілер.	Тікелей қамту кемінде 1500 адам, жанама қамту кемінде 17000 адам	14+	<ul style="list-style-type: none"> - Қоғамдағы жастарға байланысты барлық жаңалықты, бастамалар мен жастар саясатындағы өзгерістерді бір көзден алып отыру мүмкіндігі - Облыстың әр түкпіріндегі талантты жастар қоғамға белгілі болып, насихатталады - Жастар тақырыбында жазатын жас тілшілер мектебі қалыптасады - Облыстағы немесе республикадағы конкурстар мен форумдарға қатысуға ақпараттық мүмкіндік алады - Қоғамдағы оң имиджі қалыптасып, жастардың кәсіби медиа күзіреттілігі айтарлықтай дамиды.

7. Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама серіктестері мен мүдделі тараптар.

Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның барлық серіктестері мен мүдделі тараптар тізіліп (мысалы, мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар, бизнес саласының өкілдері, БАҚ өкілдері, халықаралық ұйымдар және т.б.) олардың әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаға қатысуы, сондай-ақ қолдау түрлері (ақпараттық, кеңес беру) баяндалады.

Серіктестің, мүдделі тараптың атауы	Қатысу түрі мен нақты бағыты
Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы	Грант аясында қойылған міндеттерді бірлесе орындау, мемлекеттік орган тарапынан жобаға қолдау білдіру.
Маңғыстау облыстық ішкі саясат басқармасы	Грант аясында қойылған міндеттерді бірлесе орындау, мемлекеттік орган

	тарапынан жобаға қолдау білдіру.
Маңғыстау облысының жастар ресурстық орталығы	Жобаға жастарды тарту, ақпараттық қамтамасыз ету, жастар саясаты саласындағы сұрақтар мен мәселелерге ресми пікір білдіру, видеоинтервьюлер мен өзге де ақпараттық материалдарға қатысу
Жаңаөзен қаласының қоғамдық даму орталығы	Жобаға жастарды тарту, ақпараттық қамтамасыз ету, жастар саясаты саласындағы сұрақтар мен мәселелерге ресми пікір білдіру, видеоинтервьюлер мен өзге де ақпараттық материалдарға қатысу
Маңғыстау аудандық жастар ресурстық орталығы	Жобаға жастарды тарту, ақпараттық қамтамасыз ету, жастар саясаты саласындағы сұрақтар мен мәселелерге ресми пікір білдіру, видеоинтервьюлер мен өзге де ақпараттық материалдарға қатысу
Бейнеу аудандық жастар ресурстық орталығы	Жобаға жастарды тарту, ақпараттық қамтамасыз ету, жастар саясаты саласындағы сұрақтар мен мәселелерге ресми пікір білдіру, видеоинтервьюлер мен өзге де ақпараттық материалдарға қатысу
Қарақия аудандық жастар ресурстық орталығы	Жобаға жастарды тарту, ақпараттық қамтамасыз ету, жастар саясаты саласындағы сұрақтар мен мәселелерге ресми пікір білдіру, видеоинтервьюлер мен өзге де ақпараттық материалдарға қатысу
«Ақтау қалалық қоғамдық даму орталығы» мәдени-демалыс кешені	Жобаға жастарды тарту, ақпараттық қамтамасыз ету, жастар саясаты саласындағы сұрақтар мен мәселелерге ресми пікір білдіру, видеоинтервьюлер мен өзге де ақпараттық материалдарға қатысу
Мұнайлы аудандық жастар ресурстық орталығы	Жобаға жастарды тарту, ақпараттық қамтамасыз ету, жастар саясаты саласындағы сұрақтар мен мәселелерге ресми пікір білдіру, видеоинтервьюлер мен өзге де ақпараттық материалдарға қатысу
Жаңаөзен қалалық ішкі саясат бөлімі	Грант аясында қойылған міндеттерді бірлесе орындау, мемлекеттік орган тарапынан жобаға қолдау білдіру.
Түпқараған аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі	Грант аясында қойылған міндеттерді бірлесе орындау, мемлекеттік орган

	тарапынан жобаға қолдау білдіру.
Маңғыстау облысы қоғамдық коммуникация орталығы	Жобаны ақпараттық қамтамасыз ету
«Қазақстан» РТРК» АҚ Маңғыстау облыстық филиалы	Жобаны ақпараттық қамтамасыз ету
«Маңғыстау медиа» ЖШС	Жобаны ақпараттық қамтамасыз ету
«The Qazaq Times» ақпараттық агенттігі	Жобаны ақпараттық қамтамасыз ету
Түпқараған аудандық «Ақкетік арайы» қоғамдық-саяси газеті	Жобаны ақпараттық қамтамасыз ету
Жаңаөзен қалалық «Жаңаөзен» қоғамдық-саяси газеті	Жобаны ақпараттық қамтамасыз ету
Қарақия аудандық «Қарақия» қоғамдық-саяси газеті	Жобаны ақпараттық қамтамасыз ету
«Parasat Pro» қоғамдық қоры	Жобаға жастарды тарту, ақпараттық, ұйымдастырушылық қамтамасыз ету.
«Хазірет» жастар қоғамдық қоры	Жобаға жастарды тарту, ақпараттық, ұйымдастырушылық қамтамасыз ету.
«Риза Ана» қоғамдық қоры	Жобаға жастарды тарту, ақпараттық, ұйымдастырушылық қамтамасыз ету.
«Бекен» жас көшбасшылар достастығы» қоғамдық қоры	Жобаға жастарды тарту, ақпараттық, ұйымдастырушылық қамтамасыз ету.
«Игі жастар» қоғамдық қоры	Жобаға жастарды тарту, ақпараттық, ұйымдастырушылық қамтамасыз ету.
«Шамсынұр» қоғамдық бірлестігі	Жобаға жастарды тарту, ақпараттық, ұйымдастырушылық қамтамасыз ету.

5. Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама бойынша сұраныс берушімен кері байланыс.

Мақсатты топтың атауы	Мақсатты топтың қанағаттану деңгейі қалай өлшенеді
Жастар, бастамашыл топтар, белсенділер, жастармен жұмыс жүргізетін үкіметтік емес ұйымдар.	Жобаның белсенді кезеңі аяқталғанға дейін және аяқталғаннан кейін оқырмандар мен көрермендердің сайт ішіндегі бағалау сауалнамасы. Жобаны жүзеге асыру кезіндегі кері байланыс және әр деңгейдегі мақсатты топты қанағаттандыру сауалнама және іс-шаралардан кейінгі пікірлер арқылы жүзеге асады. Сондай-ақ мақсатты топтың қанағаттану көрсеткіштерінің бірі жобаның жүзеге асырылғаны туралы әлеуметтік желілердегі хабарламалар мен жарияланымдардың «лайк» саны болады.
Әлеуметтік желі қолданушылары, блогерлер, еріктілер.	Жобаның белсенді кезеңі аяқталғаннан кейін өңірдің тәжірибелі медиамамандарымен фокус-топтық талқылау

6. Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның жүзеге асырылуына мониторинг жасау жоспары.

Әлеуметтік жоба және әлеуметтік бағдарламаның мақсаты:

Жастардың кәсіби медиа құзыреттерін дамыту, жастардың ақпараттық алаңына жаңа медиа тетіктерін енгізу бойынша жұмысты ұйымдастыру.

Міндет	Іс-шара	Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді нәтижелер	Индикаторлар (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді нәтижелерге)	Өлшеу жиілігі
Жастар бағытындағы мемлекеттік саясаттың идеологиялық принциптерін нақтылау; қоғамды түрлі саладағы көшбасшы жастардың жұмыстары мен өмірінен хабардар ету	Жастар саласындағы мемлекеттік саясаттың идеологиялық принциптерін түсіндіру бойынша ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету. Түрлі саладағы көшбасшы жастардың еңбектері мен ұмтылыстары туралы халықты ақпараттандыру бойынша ақпараттық-аналитикалық қамтамасыз ету.	Жастар саланың өзекті мәселелері бойынша халықтың сауаттылық деңгейін арттыру, халықты ақпараттандыру; Халық жастар саясатының дамуымен таныстырылады; Халыққа жастардың қоғамдағы орны мен рөлі, жастар саласындағы кейбір мәселелерді шешуге қоғамның көзқарасын қалыптастыру қажеттігі туралы ақпарат беріледі;	Жаңалықтарды қоса есептегенде айына кем дегенде 40 материал 20 жаңалық 10 мақала 5 сұхбат 3 инфографика 2 видеоматериал Ай сайынғы 5 000 (бес мың) оқырман мен көрерменді қамту;	Ай сайын
« www.mangystauzha.kz » интернет-порталындағы ақпарат берудің пайдалылығын арттыру және оны жастар ақпараттың сенімді көзі ретінде көрсету.	« www.mangystauzha.kz » интернет-порталындағы ақпарат берудің пайдалылығын арттыру және оны жастар арасында ақпараттың сенімді көзі ретінде позициялау бойынша ақпараттық-талдамалық және техникалық қолдау көрсету	Маңғыстау облысы тұрғындарын Маңғыстаудағы және оның шалғай ауылдарындағы жас көшбасшыларымен, дарынды, талантты жастармен таныстырады; - Тұрғындар үшін « www.mangystauzha.kz » интернет-порталының жұмысына тәулік бойы қолдау көрсету жүзеге асырылады; - Маңғыстау облысы тұрғындарына ыңғайлы	Айына кем дегенде әлеуметтік желілерде 50 жарияланым	Ай сайын

		болу үшін сайт жастар тақырыбы бойынша іздеу жүйелерінің (Google, Yandex, Mail.ru) және әлеуметтік желілердің алдыңғы қатарларына көтеріледі;		
--	--	---	--	--

7. Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның күнтізбелік жоспары.

Іс-шара	1-ай	2-ай	3-ай	4-ай	5-ай	6-ай
Жобалық топтың жұмысын ұйымдастыру						
Жобалық топтың құрамын іріктеу						
Жобалық топтың жұмысын ұйымдастыру						
Серіктестермен, өзге де медиа порталдармен, ақпарат агенттіктерімен ақпараттық қолдау мақсатындағы келіссөздер жүргізу						
Жобаның ашылуын хабардар ету туралы бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне брифинг өткізу						
Жобаның мақсаттарын жүзеге асыру, сайт жұмысын жүйелі жүргізу жұмыстарын іске асыру						
Жобаның жүзеге асу барысы туралы ақпараттық фото, видео материалдар дайындау, өңдеу						
Өзге бұқаралық ақпарат құралдарына жоба барысы туралы ақпараттарды дайындау, жариялау						
Жобаның қорытындысы мен қол жеткізген нәтижелер туралы хабардар ету мақсатындағы бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне брифинг өткізу						

8. Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның тәуекелдері.

Тәуекел	Ықтималдығын азайту стратегиясы және салдарын барынша азайту стратегиясы
Порталдың техникалық бұзылу	<ul style="list-style-type: none"> - Штаттық бірлікте жоғары білікті IT маманның болуы; - Портал жұмысын сүйемелдеу бағдарламаларын тұрақты түрде

тәуекелі, оның ішінде Dos-шабуылдардың ұйымдастырылу қауіпі	<p>жаңартып отыру;</p> <ul style="list-style-type: none"> - Сервердің жұмысы мен интернет ресурсты қорғау бағдарламасына тұрақты мониторинг жүргізіп отыру.
Қаржыландырудың тапшылығына байланысты журналистер мен мамандардың жұмыстан шығу қауіпі	<ul style="list-style-type: none"> - Ұжымда психологиялық атмосфера мен жақсы көңіл-күй қалыптастыру; - Шығармашылық бастамалар мен жұмысқа деген ынта-құлшынысты тудыру үшін қызметкерлерге ұнамды жағдай жасау; - Көрсетілген қызметтерге тиісті еңбекақы төлеуді ұйымдастыру. - Қаржыландыру аяқталғаннан кейін де ақылы қызмет арқылы жобалық топпен жұмыс жүргізу.

9. Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама қызметінің баспасөз ақпарат құралдарында (ары қарай – БАҚ) жариялануы.

Ақпараттық өнім (мақала, видеоролик, баннер, пост, бюллетень және т.б.)	Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама кезіндегі ақпараттық өнімдердің саны	Жарықтандыру арналары (теледидар, баспа басылымдары, интернет-порталдар, өз веб-сайты, әлеуметтік желілер, радио, пошта жәшіктері және т.б.)	Ақпараттың таралуы жиілігі
Жобаның басталуы туралы пресс-анонс	2	«Mangystau tv» телеарнасы, «Zhanaozen tv» телеарнасы, «Маңғыстау жастары» сайтының YouTube арнасы т.б. «Маңғыстау» газеті, «Mangystau media» сайты, «Ақкетік арайы» газеті, «Жаңаөзен» газеті, «Қарақия» газеті т.б.	Жоба басталғанда 1 рет
Жоба және жобаны жүзеге асыру барысы туралы пресс-релиз	2-ден кем емес	«The Qazaq Times» сайты, «Маңғыстау» газеті, «Mangystau media» сайты, «Ақкетік арайы» газеті, «Жаңаөзен» газеті, «Қарақия» газеті т.б.	1 рет
Әлеуметтік желілердегі ақпараттық посттар	10-нан кем емес	Маңғыстау облысының Қоғамдық коммуникациялар орталығы, Маңғыстау облысы және оған қарасты барлық қала, аудан әкімдіктерінің Facebook, Instagram әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшалары т.б.	1 рет
Интернет-	2-ден кем емес	«The Qazaq Times» сайты,	1 рет

порталдарға мақала		«Mangystau media» сайты, Facebook, Instagram әлеуметтік желілеріндегі өзге де пабликтер.	
Жоба қорытындысы бойынша бейнеролик	2	«Mangystau tv» телеарнасы, «Zhanaozen tv» телеарнасы, «Маңғыстау жастары» сайтының YouTube арнасы т.б.	Жоба аяқталғанда 1 рет

10. Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның тұрақтылығы.

Қаржыландыру аяқталғаннан кейін қызметті жалғастыру және (немесе) нәтижелерді насихаттау мүмкіндігі	Әлеуметтік жоба гранттық қамтамасыз ету есебінен ғана қаржыландырылады. Осыған қарамастан, гранттық қаржыландыру аяқталғаннан кейін де келесі қаржыландыруға дейін порталдың жұмысына қолдау көрсетілетін болады.
Тұрақтылықты қамтамасыз ету және (немесе) нәтижелерді одан әрі насихаттаудағы ұйымның рөлі қандай	Қаржыландыру аяқталғаннан кейін сайтта айына 30 жаңалық, 5 мақала және 2 бейнематериал жарияланатын болады.

«Қолдау» орталығы» жекеменшік
мекемесінің директоры



М.А. Елеусинова

Смета расходов по реализации социального проекта

Грантополучатель:

Тема гранта: Организация функционирования сайта молодежи области www.mangystauzhastary.kz, освещения реализации молодежной политики региона в интернете с использованием интерактивных инструментов (интернет телевидение, фото посты и т.д.) неприкосновенности несовершеннолетних

Сумма: 8 994 700

№	Статьи расходов	Единица измерения	Количество	Стоимость, в тенге	Всего, в тенге	Источники финансирования		
						Заявитель (софинансирование)	Другие источники софинансирования	Средства гранта
1	Административные расходы:							1 744 360
	Заработная плата, в том числе:							1 503 360
	Руководитель проекта	месяц	5	170 000	850 000			850 000
	Бухгалтер	месяц	5	100 000	500 000			500 000
	<i>в том числе:</i>							
	социальный налог и социальные отчисления	месяц	5	22 572	112 860			112 860
	обязательное медицинское страхование	месяц	5	8 100	40 500			40 500
	Банковские услуги	услуга	1	50 000	50 000			50 000
	Расходы на оплату услуг связи и интернета	месяц	5	5 200	26 000			26 000
	Почтовые услуги	услуга	1	60 000	60 000			60 000
	Прочие расходы, в том числе:				-			105 000
	Канцелярские товары	месяц	1	80 000	80 000			80 000
	Услуги по заправке и ремонт картриджей	услуга	5	5 000	25 000			25 000
2	Материально-техническое обеспечение:							815 000
	Ноутбук Lenovo	шт	2	320 000	640 000			640 000
	МФУ	шт	1	140 000	140 000			140 000
	Жесткие диск	шт	1	35 000	35 000			35 000
3	Прямые расходы:				-			6 435 000
5	Расходы по оплате работ и услуг, оказываемых юридическими и физическими лицами, в том числе:							6 435 000
	Услуга редактора	услуга	5	157 000	785 000			785 000
	Услуга SMM-менеджера-таргетолога	услуга	5	150 000	750 000			750 000
	Услуга 2-х журналистов	услуга	5	300 000	1 500 000			1 500 000
	Услуги видеографа	услуга	5	280 000	1 400 000			1 400 000
	Услуга графического дизайнера	услуга	5	150 000	750 000			750 000
	Услуги фотографа	услуга	5	150 000	750 000			750 000
	Таргет в соцсетях (реклама)	услуга	5	100 000	500000			500000
	Итого:				-			8 994 360

Қолдау орталығы жеке меншік мекемесінің директоры



М. А. Елеусинова